

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 5 ақпандағы № 20 "2014 жылғы Әуликөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қазандағы № 352 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қарашада № 5175 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "2014 жылғы Әуликөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2014 жылғы 5 ақпандағы № 20 аудан әкімдігінің қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 4478 тіркелген 2014 жылғы 27 наурызда "Әуликөл" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген 2014 жылғы Әуликөл ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері кестесінде:

"Бір айда мектепке дейінгі білім ұйымдарында ата-аналар төлем ақысының көлемі (теңге) бағанында:

"сәбилер тобы" бағанында "4000" саны "5500" санына өзгертілсін;

"мектепке дейінгі топтар" бағанында "4000" саны "5500" санына өзгертілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін, он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин